

Егер өміріңізге қауіп төніп тұрса:

✓ Сіздің пәтеріңізден шу немесе қатты дауыс естілген жағдайда полиция шақырыңыз деп көршіңізбен келісіп қойыңыз.

✓ уақытша тұрғылықты жер туралы достарыңызбен келісіп алыңыз (немесе дағдарыс орталығына хабарласыңыз).

✓ үйден тез шығып кету үшін қолжетімді жерге ақша, құжат, киімдеріңізді дайындап қойыңыз.

✓ пышақ, қайшы және басқа да дене жарақатын келтіретін заттарды тығып қойыңыз.

✓ мас адаммен дауласпаңыз.

**Ең бастысы кідіріссіз 102** нөміріне полицияға хабарласып көмек сұраңыз, Сізге көмек көрсетеді.

**Ескеріңіз**, әрекетсіздік Сізге және Сіздің жақындарыңызға залал келтіреді

## Қарағанды облысының прокуратурасы



**ОТБАСЫНДАҒЫ ЗОРЛЫҚ-  
ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!**

### ЖАДНАМА

**Отбасылық-тұрмыстық  
зорлықтың құрбаны болмау  
үшін не істеу керек**



#### СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Шұғыл желі	<b>150, 111, 8 800 004 0050</b>
Тұрмыстық зорлық- зомбылық құрбандарына арналған дағдарыс орталығы	<b>8 (7213) 95 74 64 8 705 826 85 69</b>
Полиция кезекші бөлімі	<b>102</b>
Қарағанды облысының прокуратурасы	<b>8 (7212) 35 35 33</b>

## Отбасылық-тұрмыстық

### зорлық-зомбылық

- бірге тұратын ерлі-зайыптылар немесе туыстар арасындағы ұрыс-керіс нәтижесінде адам өміріне, денсаулығына, ар-ожданына, бас бостандығына қол сұғу әрекеттері (әкесі, анасы, қызы, ұлы және т.б.).

Отбасындағы зорлық-зомбылық түрлері:

- күш қолдана отырып жасалатын зорлық (жарақаттау, қару қолдану және т.б.).

- сексуалдық зорлық (сексуалдық қатынасқа мәжбүрлеу).

- эмоционалдық зорлық (үнемі кемсіту, дөрекілік, қорлау).

-экономикалық зорлық (қаржыны үнемі қадағалау, білім алуға және жұмысқа тұруға тыйым салу).

Отбасындағы зорлық-зомбылық циклды түрде қайталанатын



## Зорлықтың салдары:

- ұйқысыздық, бас ауруы, тез шаршап-шалдығу.

-қорқыныш, күдіктену, көңіл-күйдің болмауы және жалғыздықты қалау.

- денсаулықтың төмендеуі, психикалық ауытқулар.

Отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық адам өліміне соқтырады, ауыр дене жарақаттарын келтіреді, зорлауға жол береді және азаматтың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін басқа да салдарларға соқтырады.

Отбасындағы үнемі дау-жанжал баланың денсаулығына теріс әсер етеді.

Баланың өмірінде қандай із қалдырғыңыз келеді?

